**ЦИКЛОГРАММА**
**Маусым 3 апта**
**2 жас кіші топ**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>12.06.2023ж | Сейсенбі<br>13.06.2023ж | Сәрсенбі<br>14.06.2023ж | Бейсенбі<br>15.06.2023ж | Жұма<br>16.06.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| *Балаларды далада қабылдау* | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Жазда келді көңілді , жаз туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| *Таңғы гимнастика* | **Тақпақ оқып түсіндіру.**<br>Күн ұйықтайды.<br>Күн оянады.<br>Жел соқты.<br>Жаңбыр жауды,<br>Бұлт түнерді.<br>Күн ашылды.<br>Комуникатив дағды, сыни ойлау. | «Көңілді қақпақтар»<br>**Топтық жұмыс**<br>Шарты: Қақпақшалармен сурет құрастыру.<br>Мақсаты:Балалармен қақпақпен жұмыс жасауда ойлау қабілеттерін дамыту<br>Креатив дағды, сыни ойлау, жаппай бақылау. | ойын: «Аю мен балалар»<br>Мақсаты: сөздерін айтып тұрып, қимылын жасау, тез қимылдауға баулу<br>Сыни ойлау, жаппай бақылау. | **Саусақ ойынына арналған өлеңдер**<br>Бала, бала, балақан,<br>Қане, қайсы алақан?.<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай, былай ойнат. қозғалтады. (қимылмен)<br>Креатив дағды, сыни ойлау, жаппай бақылау. | « Көңілді аңдар» музыкалық ойын жаттығу<br>**Мақсаты:**<br>әуенді тыңдай отырып, аңдардың қимылын қайталайды.<br>Креатив дағды, сыни ойлау, жаппай бақылау. |
| | **Музыка әуенімен таңертеңгілік жаттығулар кешені. Жаттығу түрі - лентамен әуенмен Маусым айының 3--аптасына арналған жаттығу кешені қосымша тігілген (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| *Гигиеналық шаралар*<br><br>*Таңғы асқа дайындық* | **Ойын- жаттығу**<br>Сау болсын деп деніміз,<br>Шынығамыз бәріміз.<br>Ерте оян, ерте тұр,<br>Алға қадам жасаймыз,<br>Жаттығуды бастаймыз,<br>Денсаулықты шынықтыр!Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Таңғы ас* | ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| ***Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті*** | Жәндіктермен танысу<br>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтіңөтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Неістеді?».Қарапайымсюжеттіксуреттердіңмазмұнынайтыпберу.**Сөйлеуді дамыту**<br>Жәндіктердің суретін салыстыру, әртүрлі көлемдегі заттарға (үлкен үй-кішкентай және оларды сөйлеуде атауға назар аудару біліктерін қалыптастыру.**Сенсорика**<br>Ара туралы видео көрсету,таныстыру **.Қоршаған** | Құмырсқамен таныстыру,видеорolик көрсету,**Қоршаған ортамен танысу**<br>Үлкен және кішкентай құмысқаларды салыстыру. **Сенсорика**<br><br>Кіп – кішкентай құмырсқаБейім барлық жұмысқа<br><br>Еңбекшіл, жоқ зияны,Қиянат етпе сен босқа<br>халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу;**Көркем әдебиет**<br>суретпен жұмыс,сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Неістеді?».Қарапайымсюжеттіксуреттердіңмазмұнынай | Көбелек-ау, көбелек,Әдемісін керемет!Гүлге келіп қрна ғой,Өзің де гүл бола ғой.**Көркем әдебиет**<br><br>Көбелектің түсіп қалған қанатын тауып, құрастыру. **Құрастыру**<br>Видео арқылы көбелекпен таныстыру,көбелек сияқты қайталап ұшып көру.**Қоршаған ортамен танысу**<br>Үлкен және кішкентай көбелектерді салыстыру.**Сенсорика** | Қоңыздың суретін көрсету,видео арқылы таныстыру.**Қоршаған ортамен танысу.**<br>Ермексаздан немес қағаздан қиындыларды түсіне қарай орналастыру.**Жапсыру,мүсіндеу**<br>Үлкен және кішкентай қоңыздарды ажырату.**Сенсорика**<br>халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу;**Көркем әдебиет** | Ұзын құйрық инелік<br>Инелікке тимелік<br>Верталетты жасады<br>Инеліктен үйреніп<br>халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу;**Көркем әдебиет**<br>Инелік туралы видео көрстеу.**Қоршаған ортамен танысу**<br>Инекліктің үлкен кішісін ажырату.**Сенсорика**<br><br>Инеліктің суретін бояу.**Сурет салу**<br>Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру **Жапсыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ортамен танысу** | тыпберу.**Сөйлеуді дамыту** | | | |
| ***Серуенге дайындық*** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.<br>Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. өзіне-өзі қызмет ету дағдылары | | | | |
| ***Күндізгі серуен*** | **Итті бақылау**<br>Үй жануарлары туралы түсінік қалыптастыру;<br>Иттің сырт келбеті мен жүріс тұрысы туралы айту;<br>Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін арттыру;<br>Қожайындары серуендетіп жүрген иттерді бақылау. Иттің сырт келбеті мен жүріс тұрысын сипаттау, адам өміріндегі алатын орнын түсіндіру. Кімнің үйінде ит бар екендігін сұрау және иттері туралы айтуды өтіну.<br>**Еңбекке баулу:**<br>Табиғат бұрышындағы жануарларға | **Аспанды бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтары н арттыру.<br>**Бақылау барысы:**<br>«Бұлт» Ө. Ақыпбекұлы<br>Бұлттың қайда тұрағы<br>Біле алмадым мұны әлі<br>Білерім көк аспанның<br>Бұлт – көшпелі бұлағы<br>Тәрбиеші сұрақтары<br>- Бұлт дегеніміз не?<br>- Бұлттардың түсі қандай болады? | **Өтіп бара жатқан көлікті бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Сырт бейнесіне қарап көліктерді ажырата алуға үйрету.<br>**Бақылау барысы:**<br>Көшелерде жүріп жатқан көліктері бақылау. Көлік жүргізетін адамды жүргізуші деп ал қалғандарын жолаушылар деп айтатынын түсіндіру. Жол жүру уақытында жүргізушімен сөйлесуге, алаңдатуға болмайтынын айту. Егер осы | **Жолдың жолаушылар жүретін бөлігін бақылау.**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды жолдың жолаушылар жүретін бөлігімен таныстыру;<br>Жол жүру ережесі туралы естерінде сақтау;<br>**Бақылау барысы:**<br>Жолдың жолаушылар жүретін бөлігіне өту және жүріп жатқан көліктерді қарау. Балаларға балабақшаның жол бойында орналасқанын айтып, түсіндіру. Балабақшадан шыққанда өте абай болу керектігін | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Аула сыпырушының көктем кезіндегі еңбегі, оның жұмысы туралы балалардың түсінігін толықтыру. Балғындардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы:**<br>**Тапсырма** «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа әңгімелесу.<br>**Көркем сөз**<br>Жақсы бала еңбекшіл,<br>Ер азамат болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шөптер дайындау.<br>**Мақсаты:**<br>Жануарларды күтуге ниеттерін арттыру, оларды дұрыс тамақтандыруға үйрету.<br>**Қимылды ойын: «Жалбыр ит»**<br>**Мақсаты:**<br>-Жүру және жүгіру барысында бір – біріне соқтығыспай еркін жүруге үйрету;<br>-Тәрбиеші тапсырмасын бұлжытпай орындауға үйрету;<br>**Қажетті материалдар:**<br>қалақшалар, машиналар, қуыршақтар. | - Бұлттар неден тұрады? (сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен)<br>- Бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат – қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)<br>- Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек – түйдек болып тұрады)<br>- Шарбы бұлттар неге ұқсайды? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады)<br>- Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар)<br>- Қандай бұлттар | ережелер сақталмаса жол апаты болуы әбден мүмкін екенін түсіндіру.<br>**Еңбекке баулу:**<br>Алаңды жинау.<br>**Мақсаты:**<br>Сыпырғыштарды дұрыс пайдалануға баулу.<br>**Қимылды ойын: «Ұшақтар»**<br>**Мақсаты:**<br>Жол жүру ережелерін сақтауға үйрету;<br>Жүк көліктері туралы білімдерін бекіту;<br>**Қажетті материалдар:**<br>қалақшалар, шелек, сыпырғыштар. | түсіндіру.<br>**Еңбекке баулу:**<br>Құрғақ жапырақтарды бір жерге жинау.<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды тырмамен дұрыс жұмыс істеуге үйрету;<br>Шелектерді белгілі мөлшерге дейін толтыруға үйрету;<br>**Қимылды ойын: «Торғайлар мен автомобильдер»**<br>**Мақсаты:**<br>Жол ережелері туралы білімдерін бекіту;<br>Жолда жүру тәртібін есте сақтауға баулу;<br>**Қажетті материалдар**:<br>рөлдер, қалақша, шелек, машиналар. | Қиындықты жеңіп кіл,<br>Құшағы гүлге толады.<br>Еңбекшіл осындай<br>Болайықшы, досым-ай.<br>**Еңбекке баулу:**<br>Аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпыруға көмектесу.<br>**Мақсаты:**<br>-ересек адамдарға қолдан келгенше көмек беруге деген балалардың ынтасын қолдау;<br>-еңбекке баулу.<br>**Қимылды ойын: «Затты абайла» қимылды ойыны**<br>**Мақсаты:**<br>Жүру және жүгіру барысында бір – біріне соқтығыспай еркін жүруге үйрету;<br>Тәрбиеші тапсырмасын бұлжытпай орындауға үйрету;<br>**Қажетті** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар)<br>- Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады)<br>**Еңбекке баулу** Қоқыстарды жинау, сыпыру.<br>**Мақсаты:** Бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын: «Қасқыр қақпан»** | | | **материалдар:** сыпырғыш, қалақша, шелек, ойыншықтар. |
| ***Серуеннен оралу Түскі асқа дайындық*** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| ***Түскі ас*** | Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау. **өзіне-өзі қызмет ету** | | | | |
| ***Күндізгі ұйқы*** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату | | | | |
| | **Қияр мен қырыққабат** ертегісін оқып беру. | **Құлын, қозы, лақ.** ертегісін оқып беру. | **Мысық, әтеш және түлкі** ертегісін оқып беру. | **Мысық неге тамақ ішкен соң жуынады?** ертегісін оқып беру. | Баяу музыка тыңдату |
| ***Ұйқыдан тұру*** | **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Бесін асқа дайындық. Бесін ас.*** | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалау(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| ***Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті*** | Аранның суретінен пазл құрау,қарапайым пазлдарды жинай алу қабілеттерін қалыптастыру балаларды ересектермен бірге әрекет етуге (ересектердің салған суреттерін толықтыру) қызығушылықтарын тудыру; сазбалшықтың кесегін алақан арасына салып илей алу дағдысын қалыптасытру.**Сурет салу,мүсіндеу,құрастыру** халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу; **Көркем әдебиет** | Құмырсқаның суретін бояу.**Сурет салу** Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру,құмырсқаның суретін жабыстыру. **Жапсыру** Құмырсқаның қиындыларына ермексаз орналастыру.**Мүсіндеу** Пазл құрау.**Құрастыру** | Қиындыларға ермексаз жабыстыру,түстерін сай.**Жапсыру,мүсіндеу** қарапайым пазлдарды жинай алу қабілеттерін қалыптастыру **Құрастыру** балаларды ересектермен бірге әрекет етуге (ересектердің салған суреттерін толықтыру) қызығушылықтарын тудыру,көбелектің суретін бояу.**Сурет салу** | Қағаздан қоңыз жасау.**Құрастыру** Қоңыздың суртеін бояу.**Сурет салу** | Инелік қиындыларына ермексаз орналастыру, **Мүсіндеу** Конструктордан инелік жасап көру.**Құрастыру** |
| ***Серуенге дайындық*** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| ***Серуендеу*** | **Табиғат аясына серуендеу.**<br>Қимылды ойын: «Бақшадағы қояндар» | **Серуенге қызығушылық туғызу.**<br>Еркін ойындар. | **Таза ауада тыныс алу.**<br>Жаз мезгілі туралы әңгімелеу.<br>Қимылды ойын: «Қағып ал да ата» | **Ауа-райын тамашалау.**<br>Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық» | **Табиғатқа қызығушылы қп ен қарау.**<br>Қимылды ойын: «Тақия тастамақ» |
| ***Үйге қайту Ата-анаға кеңес*** | Ата-аналардың балаларымен зиянды тағамдар туралы сөйлесу. | Ата-аналардың «Біздің облысымыздағы өзен-көлдер» туралы әңгімелесу. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: «Зиянды тағамдар туралы не білесіз?». | «Су әлемі» альбомын жасақтау. |

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: Исабаева Д.Б
Мұқанова Н.Ж

Циклограмманы тексерген әдіскер: ____________________